

БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

Бейнелеу өнері. Портрет

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.12.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/147819/>

Колбаев Азамат Кенжегалиевич

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

№21 Жалпы білім беретін мектеп КММ

Бейнелеу өнері.Портрет.

Бейнелеу өнерінің ең көне жанрларының бірі-Портрет.Әр портреттің өзіне тән мағыналық жүктемесі бар.Портрет-кескіндеме,мүсін,графика жанрларының бірі.Портрет-жеке адамның немесе бір топ адамның бейнесі. «Портрет»(француз тіліндегі «portrait»)сөзі «бейнелеу,дәлме-дәл,айнытпай салу»деген мағынаны білдіреді.Суретшінің өзін бейнелеген портреті «автопортрет»деп аталады.Әр портреттің өзіне тән мағынасы бар дегеніміздей,оны тек «оқи»білуіміз керек.

Портреттің барлық түрлері мен жанрлары тікелей немесе жанама түрде адам туралы баяндайды-оның мінезін,ішкі әлемін,көңіл-күйін,психологиясын,дүниетанымын,қоғамдағы орнын,еңбегін бір сөзбен айтқанда тұлғаның барлық көріністегі құндылықтарын береді.

Ежелгі Мысырда портреттер ағаш тақтайшаға немесе кенепке салынып,кейіпкерлер сабырлы,байсалды етіп бейнеленген.Ежелгі Римде керісінше суретшілер беттің ерекшеліктеріне аса мән берген,әр қатпар,әр әжім,әр жарақат адам өмірінен хабардар еткен.

Портрет композициясы(кеуделік,белдік,бойлық және т.б) Кейіпкер саны (жұптық,топтық және т.б)пішіні (сопақ,тіктөртбұрышты және т.б)бойынша жіктеледі.Қазақ тарихында мүсіндік портреттің дені ежелгі түркі қағандығы (5-8 ғасырлар),мен қыпшақ заманы (8-13 ғасырлар)кезеңінде балбалдар мен тас мүсіндер.Қазақтың тұңғыш суретшісі Ш.Уалиханов портрет ағымында көп еңбек етті.Портрет жасалу ерекшелігі сипатына қарай қондырғылы,салтанатты,камералық,миниатюралы т.б болып бөлінеді.

Портрет кейіпкерге қарап отырып салынады,кейде көмекші материалдарға (ауыз әдебиеті,түрлі тарихи деректерге)естеліктерге сүйене отырып салуға болады.Бір сөзбен

айтқанда Портрет-тұлға туралы ықшамдалған әңгіме.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.